

**Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің "Бастауыш мектеп" басылымы" мемлекеттік мекемесін қайта ұйымдастыру туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 6 сәуір N 459

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің "Бастауыш мектеп" Басылымы" мемлекеттік мекемесі "Бастауыш мектеп" жабық акционерлік қоғамына (бұдан әрі - Қоғам) қайта құру жолымен оның жарғылық капиталына мемлекеттің жүз проценттік қатысуымен қайта ұйымдастырылсын.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген т ә р т і п п е н :

1) жарғыны бекіту кезінде Қоғам қызметінің негізгі мәні редакциялық, баспагерлік, жарнамалық және ақпараттық қызметтер көрсету болып белгіленсін;

2) Әділет органдарында Қоғамды мемлекеттік тіркеуді қамтамасыз етсін;

3) Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігіне Қоғам акцияларының мемлекеттік пакетіне иелік ету мен пайдалану құқығы берілсін;

4) осы қаулыны іске асыру жөнінде өзге де шаралар қабылдасын.

3. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай толықтырулар е н г і з і л с і н :

1) "Акциялардың мемлекеттік пакеттеріне мемлекеттік меншіктің түрлері

және ұйымдарға қатысудың мемлекеттік үлестері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 12 сәуірдегі N 405

P990405\_

қаулысына

(Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1999 ж., N 13, 124-құжат):

көрсетілген қаулыға 2-қосымшада:

"Алматы қаласы" бөлімі мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 123-41-жолмен толықтырылсын:

"123-41 "Бастауыш мектеп" ЖАҚ";

2) "Республикалық меншіктегі ұйымдар акцияларының мемлекеттік пакеттері мен мемлекеттік үлестеріне иелік ету және пайдалану жөніндегі құқықтарды беру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы

27 мамырдағы N 659

P990659\_

қаулысына:

көрсетілген қаулыға қосымшада:

"Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі" бөлімі  
мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 22-5-жолмен толықтырылсын:

"222-5. "Бастауыш мектеп" ЖАҚ"

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

Мамандар:

Багарова Ж.А.

Қасымбеков Б.А.